Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Әйтеке би аудандық
қаржы бөлімі

030100, Комсомол селосы
Т.Жүргенов көшесі, 62
тел.:21-5-25, 21-1-21, 21-6-35

Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский районный
отдел финансов

030100, с.Комсомольское
ул. Т.Жургенова, 62
тел.:21-5-25, 21-1-21, 21-6-35

2025 жыл «26» наурыз № 01-01/4

«TaF Company» ЖШС-ң
директоры Комилов Т.Ш.
мырзаға

«Әйтеке би аудандық қаржы бөлімі» мемдекеттік мекемесі Сіздің, 2025 жылдың 18-наурызындағы № 249307 тіркелген, № 14143492-1 *(Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Әйке ауылындағы Жабаев көшесіндегі автомобиль жолын орташа жөндеу жұмысы)* хабарландыру бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша комиссияның шешімдеріне келтірілген шағымыңызды қарап, төмендегі ақпараттарды жолдайды.

Шағымыңызда конкурсттық құжаттаманың 7-қосымшасына (Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары (тапсырыс беруші толтырады)) сәйкес сұратылған «Салмағы 13 тонна өздігінен жүретін тегіс жол катогының орнына салмағы 14 тонна болатын XCMG XD143 S маркалы (өндіруші Қытай) арнайы техникасын көрсеткендігін атап өтіп, сол себепті конкурс қортындысын қайта қарауды сұрағансыз.

Қарау барысында салмағы 13 тонна болатын ***тегіс*** жол катогын салмағы 14 тонна болатын ***тегіс*** жол катогымен салыстырмалы түрде өзара алмастыруға болатындығы ескерген және бұл жерде катоктың ***тегістігі*** басты критерий ретінде алынған. «Altai Building LTD» ЖШС және «Rah-Man Holding» ЖШС-ін басқа да әлеуетті өнім берушілермен бірге конкурсқа қатысуға жіберілген.

Конкурстың қортындысын қайта қарау барысында конкурстық комиссия шешімінде заңға қайшылық тұстары анықталған жоқ.

Осы шешіммен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-рәсімдік Кодексінің 91-бабына сәйкес сіз оны жоғары тұрған органға не сотқа шағымдануға құқылысыз.

Басшы: **Орынбеков С.К.**